

Әкімдіктің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 60 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 174 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 7 қазанда № 4231 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 161 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 26.06.2015 № 161 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 60 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-13-122 тіркелген, 2011 жылғы 23 ақпанда "Қарасу өңірі" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға қосымшада:
реттік нөмірі 6-жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"

Железнодорожный	ауылдық округі:
Железнодорожный ауылы,	Новоленинская көшесі, 20,
("Железнодорожное-АМФ"	жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі тұрмыс үйі	ғимаратының жанында),
Воронежская көшесі,	16 ("Железнодорожное-АМФ"
жауапкершілігі шектеулі	серіктестігі кеңсе
ғимаратының жанында),	Воронежская көшесі, 11
("Железнодорожное-АМФ"	жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі мәдениет үйі	ғимаратының жанында);
Братский ауылы, Новая	көшесі, 1 (пошта ғимаратының
ж а н ы н д а) ;	
Теректі ауылы, Казак	көшесі, 2, ("Железнодорожный
ауылдық округі әкімінің	аппараты" мемлекеттік
мекемесі ғимаратының	жанында);
Жекекөл ауылы, Ленин	көшесі, 1, ("Қарасу ауданы
әкімдігі білім беру бөлімінің	Жекекөл бастауыш
мектебі" мемлекеттік мекемесі	ғимаратының жанында).

реттік нөмірі 16-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а р а с у

ауданының әкімі

А. Шәмшиев

КЕЛІСІЛДІ:

Қарасу аудандық аумақтық
сайлау комиссияның төрайымы

_____ Р. Төлегенова